

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 8/7-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 қаңтарда N 2832 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 19/5-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 27.03.2014 № 19/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, 1–тармағының, 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 5-тармағына сәйкес, Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шемонаиха ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек берілсін.

Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек 9240 (тоғыз мың екі жүз қырық) теңге көлемінде берілсін.

Мемлекеттік денсаулық сақтау және ветеринария ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының шешімімен белгіленген көлемде беріледі.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

мәслихатының хатшысы

А. Яровикова

Ш е м о н а и х а

Ә. Байяндинов

а у д а н д ы қ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК